

# БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР

**Пандемия жағдайына байланысты білім беру саласы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Дегенмен жаңашылдықтар облыс оқушыларына білімдерін республика деңгейінде дәлелдеу үшін еш кедергі келтірмеді.**

**Б**иылғы оқу жылында пандемияға байланысты оқу процесі қашықтықтан және дәстүрлі форматта ұйымдастырылуда. Эпидемиологиялық жағдай тұрақты, 300-ге дейін оқушысы бар мектептерде оқушылар дәстүрлі түрде оқыса, қалған мектептерде қашықтықтан білім алуда. Сондай-ақ, 1-5 сынып оқушылары ата-аналарының өтініші негізінде «кезекші сыныптарда» оқуда.

**Ал III тоқсаннан бастап мектеп бітіруші 9,11-сынып оқушылары үшін оқу бағдарламасы аралас форматта жүргізілуде. Яғни, пәндердің 70%-ы дәстүрлі, қалған 30%-ы қашықтан оқытылуда. Бұл бірнеше айдан кейін мемлекеттік емтихан тапсыратын оқушылар үшін өте тиімді болмақ.**

Биылғы жылы да облыс оқушыларының ізденімпаз, еңбексүйгіш қасиеттерінің арқасында республикалық деңгейден көрініп, кілмықтылардың арасында топ жарды.

Жалпы облыста дарынды балалармен жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның нәтижесінде оқушылар халықаралық, дүниежүзілік, республикалық пән олимпиадалары мен ғылыми жарыстарда үздіктер қатарынан көрінуде. Ерекше атап өтетін жайт, Жамбыл облысының командасы республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарда 10 жыл қатарынан «Ең үздік команда» атағын иеленіп келеді.

Сондай-ақ, «Мың бала» Ұлттық олимпиадасына қатысқан жамбылдық 335 оқушының 91-і жеңімпаз атанып, үздік 1000 баланың қатарынан көрінді. Жеңімпаздар арасында 5-сыныпта оқитын 33 оқушы Елбасы Академиясының қашықтан оқыту мектебінде олимпиададан кейінгі сүйемелдеуге ие болды. Ал 6-сыныпта оқитын 58 оқушы дарынды балаларға арналған мектептерге қабылданды.

**Биыл республика көлемінде жастар үшін тағы бір жоба қолға алынды. Ол дарынды жастар мен көшбасшыларды қолдау және дамытуға бағытталған Елбасының «Ел үміті» бастамасы аясындағы «Елбасы медалі» жобасы.**

Оған облыс бойынша 463 бала тіркелді. Оның ішінде 95 оқушы «Алтын медальға», 51 оқушы «Күміс медальға» және 317 оқушы «Қола медальға» үміткер.

Білім мен білік бәйгесінің нәтижесінде жобаның «Қола медалін» Жамбыл облысы бойынша 31 оқушы жеңіп алды.

Жалпы білім саласында өзінің ерекшеліктерімен әлемдік деңгейде мойындалған бірнеше халықаралық жобалар бар. Соның ішінде, білім жүйесіндегі танымал сарапшылар жоғары баға берген объективті, тәуелсіз бағалау жүйесі болып табылатын TIMSS, PISA халықаралық зерттеулерін ерекше атап өтуге болады.

2018 жылы өткізілген PISA халықаралық зерттеуінің нәтижесінде облыс оқушылары республика бойын-



ша I орынды иеленген болатын.

Осы көрсеткішті оқушыларымыз TIMSS халықаралық зерттеуінде де дәлелдеп отыр.

Жамбыл облысының 4, 8-сынып оқушылары 2019 жылы өткізілген TIMSS халықаралық зерттеуіне қатысып, нәтижесінде республика бойынша жоғарғы көрсеткішпен I орынды иеленіп, облыс мәртебесін көтерді.

Мұның бәрі – педагогтердің тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Бүгінде ұлы педагог Ушинскийдің «Мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатса, оның мұғалімдігі де жойылады» деген сөзі еш мәнін жойған емес.

2019 жылы елімізде білім саласы қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін арттыру мақсатында тұңғыш рет «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданған болатын. Бұл педагогтер қауымы үшін үлкен серпіліс болды. Ол еңбек ақы төлеу, ынталандыру, кәсіби құзыреттілікті жоғарылату, еңбек демалысын ұйымдастыру, мұғалімдерді тиіс емес функцияларды орындаудан қорғауға мүмкіндік берді.

Бүгінгі күні облыста мұғалімдердің 75%-ының біліктілік санаты бар. Соңғы 8 жылда 8 мыңнан астам педагог республикалық, халықаралық байқаулар мен қашықтық олимпиадаларында жеңімпаз атанды. Оның ішінде республикалық «Үздік педагог» байқауында 35 педагог жүлдегер атанған.

Сондай-ақ, «Әлем педагогі» байқауына қатысқан Жамбыл ауданындағы Б. Бесбаев атындағы мектеп-гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айгүл Қалмаханова және дарын-

ды ер балаларға арналған «Білім-Инновация» мектеп-лицейінің физика пәнінің мұғалімі Ержан Жұмаділов үздік 10 мұғалімнің қатарына енді.

Бүгінде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында өңірде 73 мектептен тыс мекеме жұмыс істейді. Онда 66 мыңнан астам оқушы қосымша білім берумен қамтылған.

Бұдан бөлек арнайы орталықтар да ашылған. Солардың бірі балаларды техникаға баулып, шығармашылықпен айналысуына қолдау көрсететін балалардың техникалық шығармашылық орталығы. Жалпы облыста осындай 6 орталық бар. Онда 7746 бала қосымша білім алумен қамтылған.

**Орталық балаларға сапалы білім беруде жоғары оқу орындарымен, республикалық орталықтармен және шет мемлекеттердің мамандарымен байланыс орнатқан. Бүгінде орнатылған байланыс өз нәтижесін беруде.**

Соңғы 3 жылда 308 тәрбиеленуші халықаралық байқауларға қатысып, 94 жүлделі орынды иеленсе, республикалық жарыстарға 762 тәрбиеленуші қатысып, оның 277-сі жеңімпаз атанған.

Ал соңғы екі жылда Тараз қаласының техникалық шығармашылық орталығының тәрбиеленушілері техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың республикалық жарысында командалық I орынды жеңіп алды.

Осындай дәрежеге қол жеткізген 20 қосымша білім беру педагогі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Мадақтасымен» және «Алғыс хатымен» марапатталды.

Заманға сай білім беру болашағы жарқын ұрпақты тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Осы мақсатта елімізде аутизм және басқа да ментальді ауытқушылықтарға шалдыққан балалардың үйден емес, білім ошақтарында қатарластарымен бірге оқуына және ортаға бейімделуіне жағдай жасау мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен «Қамқорлық» бастамасы

қолға алынған болатын. Бастаманы іске асыру мақсатында республика бойынша 8 өңір таңдап алынды. Олардың қатарында Жамбыл облысы да бар.

Елбасының бастамасы аясында облыста 4 мектепте инклюзияны қолдау кабинеті ашылды. Онда аутизм және басқа да ментальді бұзушылықтары бар 7 мен 14 жас аралығындағы 50 балаға қолдау көрсетіледі.

**Бүгінде мемлекет техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуына, кәсіптік және техникалық мекемелерде оқытылатын кәсіптер мен мамандықтардың түрлене түсуіне аса көңіл аударуда.**

Осы ретте облыста техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту, жастарды кәсіптік білімге баулу мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Жалпы бүгінде облыстағы техникалық және кәсіптік білім беретін 46 колледжде 23 мыңнан астам студент білім алуда. Оның 53%-ы мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқиды. Аймақтағы колледждер 72 мамандық, 196 біліктілік бойынша мамандар әзірлейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты биылғы халыққа Жолдауында кәсіби білім берудің маңызына да тоқталып, «кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн» екенін баса айтты.

Осы ретте 2020 жылдан бастап Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың Жастар жылының ашылу салтанатында жарияланған тапсырмасына сәйкес облыста «Жас маман» жобасы қарқынды түрде жүзеге асырылуда.

Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар даярлауды көздейтін жобаға облыстағы 11 колледж енді.

«Жас маман» жобасы шеңберінде өткен жылы облыстағы 5 колледж 1 млрд теңгеден астам қаржыға заманауи құралдармен жабдықталды. Олардың қатарында Жамбыл политехникалық жоғары колледжі, №9 Меркі колледжі, Тараз сервис және технология колледжі, Теміржол көлігі және коммуникация колледжі және №12 Жамбыл индустриялық технологиялық колледжі бар.

Аталған колледждерде WorldSkills стандарттарына сай чемпионатқа қатысушылар даярлайтын оқу-жаттығу лагері, құзыреттілік орталықтары құрылды.

Ерекше атап өтетін жайт, биылғы жылы «ҚР колледждерінің ТОП-100 студенті» байқауының республикалық кезеңіне жолдама алған 14 жамбылдық студенттің 3-уі жеңімпаз атанды. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған жастардың қатарын Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің студенті Жамалбеков Сұлтанәлі, Тараз сервис және технология колледжінің студенті Жаханова Талшын және Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің студенті Базылбаева Майра толықтырды.

Жеңімпаздарға оқуын аяқтаған соң бірінші жұмыс орындарына жолдама берілді. Сондай-ақ, жұмыс берушілер есебінен 100 000 теңге сыйақы және төсбелгі табысталды.

Бұл – жастардың еліміздің кәсіптік және техникалық саласында үздік маман атанып, ел дамуына елеулі үлес қосатынына өз септігін тигізеді деп есептеймін.

**Толассыз ізденіс пен қажырлы еңбекті қажет ететін бұл жетістіктің оңайлықпен келмейтіні белгілі. Үмітті ақтап, сенімнен шыға білген, алтын уақыттарын сарп етіп ізденген оқушыларымызға және үнемі шәкіртіне дұрыс бағыт бағдар берген жетекшілеріне мың алғыс.**

«Ұстаздан шәкірт озар» демекші, дарынды да талантты оқушыларымыз көп болғай.

**Г. ХОДЖАБЕРГЕНОВА,  
Жамбыл облысы әкімдігі  
Білім басқармасының басшысы**

## АННОТАЦИЯ

В статье рассказывается о системной работе с детьми в учреждениях образования области, налаживаемых связях с высшими учебными заведениями, республиканскими и зарубежными центрами по повышению качества обучения, развитию системы технического и профессионального образования.